Автор: Шынтас Мәншук Шынтасқызы
Пән: Алгебра
Сынып: 7-сынып
Бөлім: Бүтін көрсеткішті дәреже
Тақырып: Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері

Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері	7.1.2.1 натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 7.1.2.15 натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану;

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	Топқа бөлу. Мақсатты саралау арқылы жүргізілді Оқушыларға есептер жазылған карточкалар таратылып беріледі. Оқушылар алған есептерін натурал көрсеткішті дәреженің қай қасиетіне сүйеніп шығарса, сол қасиеттің атауы жазылған топқа барып отырады. I топ: Негіздері бірдей дәрежелерді көбейту; II топ: Негіздері бірдей дәрежелерді бөлу; III топ: Дәрежені дәрежеге шығару. 2. Үй тапсырмасын тексеру. «Кір жайғыш жіп» әдісі арқылы. Оқушылар жіпке ілінген дұрыс және бұрыс жауаптардың ішінен бұрыстарын алып тастап дұрыс жауаптарды қалдырады. Бағалау топтар арасында «Бас бармақ» әдісі арқылы жүреді. 3. Оқушыларға қола, күміс, алтын медальдар арқылы әрбір кезеңде бағаланып отырылатыны ескеріледі. Жиынтық медальдарыңыздың арифметикалық ортасы табылып қай тұғырда тұрғандарыңыз хабарланады. Ендеше сабаққа мұқият болыңыздар. 4. Өтілген материалды қайталау. Сәйкестендіру Мысалдар мен олардың жауаптары арасында сәйкестікті орнатыңыз Тапсырмалар Дәреже түріндегі жауап Жауап (32:42)2 34 4 (5^(-3)•5^(-1))/5^(-6) 32 81 □(-3)□^2*1/10+4^0-(-2)^3-0,9 52 9 (27•3^(-5)•9:3^(-4)):3^0 22 25	